**Кейбір қалаларды жылумен жабдықтау проблемаларын шешу жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қазандағы N 1025 қаулысы

Кейбір қалаларды жылумен жабдықтау проблемаларын шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Кейбір қалаларды жылумен жабдықтау проблемаларын шешу жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті атқарушы органдары, өзге де мемлекеттік органдары (келісім бойынша):

Жоспарда белгіленген іс-шаралардың тиісінше және уақтылы орындалуын қамтамасыз етсін;

Есепті тоқсаннан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметін Жоспардың іс-шараларының орындалу барысы туралы хабардар етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары С.М. Мыңбаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 6 қазандағы N 1025 қаулысымен бекітілген

## Кейбір қалаларды жылумен жабдықтау проблемаларын шешу жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шара | Аяқтау нысаны | Жауапты орындаушылар | Орындау мерзімі |
|---|---|---|---|---|
| | **1. Озық тәжірибені енгізу** | | | |
| 1.1 | Облыстардың әкімдеріне Лисаковск қаласының халықтың коммуналдық | Облыстар | Облыстар. | 2003 |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | төлемдерін төлеуін қамтамасыз ету және қалада жылумен жабдықтауды ұйымдастыру жөніндегі тәжірибесін енгізуді ұсыну | әкімде. рінің шешімдері | дың әкімдері | жылғы 4-тоқсан |
| | **2. Тұрғын үй қорын оңтайландыру** | | | |
| 2.1 | Қалалардың қолайсыз аудандарынан қоныстандыру үшін жарамды тұрғын үйді айқындау мақсатында бар тұрғын үй қорын түгендеуді жүргізу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ақпарат | Облыстар. дың және шағын қалалар. дың әкімдері | 2003 жылғы қазан-қараша |
| 2.2 | Қажетті қаражат іздестіру және Қостанай облысының Арқалық, Жамбыл облысының Жаңатас, Қаратау және Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау қалаларының ішінде тұрғын үйді оңтайландыруды жүргізуді және халықты қоныстандыруды қамтамасыз ету | Тиісті облыстар әкімде. рінің шешімдері | Тиісті облыстар. дың әкімдері | 2003 жылғы 4-тоқсан |
| 2.3 | Тұрғын үй қорын оңтайландыру шеңберінде тұрғын үйді азаматтардың жеке меншігіне беру бөлігінде заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар. ды енгізудің орындылығы жөнінде ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ, ӘдМ | 2003 жылғы 4-тоқсан |
| 2.4 | Тұрғын үй қорын оңтайландыру шеңберінде теріс пиғылды меншік иелерінен жылжымайтын мүлікке өндіріп алу айналымы. ның тетігін жетілдіруге қатысты ұсыныстар әзірлеу | Қазақстан Республика. сының Үкіметіне ұсыныстар | ИСМ, ӘдМ | 2004 жылғы 1-тоқсан |

## **3. Қаржы мәселелері**

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.1 | Отын сатып алуға мемлекеттік бюджеттен жылумен жабдық. таушы коммуналдық меншік кәсіпорындарын субсидиялауды көздейтін нормативтік құқықтық кесім жобасын әзірлеу | Нормативтік құқықтық кесімнің жобасы | ЭМРМ | 2003 жылғы 10 қазанға дейін |
| 3.2 | Жылумен жабдықтаушы коммуналдық меншік кәсіпорындарын күзгі-қысқы жылыту маусымына дайындау жөніндегі іс-шараларды қаржыландыру бағдарламасын Бірыңғай бюджеттік жіктемеге енгізу | Экономика және бюджеттік жоспарлау министр. лігінің бұйрығы | ЭБЖМ | 3.1-тармақ. та көрсе. тілген нормативтік құқықтық кесімді қабылда. ғаннан кейін үш күн мерзімде |
| 3.3 | Кентау қаласының әкімдігіне қолданыстағы заңнамаға сәйкес тұрғын үй жәрдемақы. ларын төлеуді қамтамасыз етсін | Әкімнің шешімі | Кентау қаласының әкімі | 2003 жылғы 4-тоқсан |
| 3.4 | Жамбыл облысының әкімдігіне 2003 жылға арналған бюджетті нақтылау кезінде Сарысу және Талас аудандарының бюджетіне тұрғын үй жәрдемақыларын төлеу үшін көмек көрсетуді көздеу ұсынылсын | Әкімнің шешімі | Жамбыл облысының әкімі | 2003 жылғы 4-тоқсан |
| 3.5 | Сарысу және Талас ауданда. рының әкімдері жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар және халық тұтынған жылу энергиясы үшін берешекті өтеу жөнінде шаралар қабылдасын | Әкімдер. дің шешімдері | Сарысу және Талас ауданда. рының әкімдері | 2003 жылғы 4-тоқсан |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 3.6 | Түсіндіру жұмыстарын жүргізу және заңнамаға сәйкес шаралар қабылдау арқылы жылу энергиясын тұтынушылардың төлем тәртібін арттыру шешімі | Әкімнің шешімі | Арқалық, Кентау қалалары.ның, Сарысу және Талас ауданда.рының әкімдері | 2003 жылғы 4-тоқсан |
| | **4. Негізгі қорларды жаңарту** | | | |
| 4.1 | Кентау қаласында жылумен жабдықтау жүйесін ұйымдастыру жөніндегі жобаны іске асыру үшін 2004 және 2005 жылдарға арналған республикалық бюджеттен қаражат бөлуге бюджеттік өтінім дайындау | Бюджет.тік өтінім | Оңтүстік Қазақстан облысының әкімі, ЭМРМ | 2004 жылғы 1-тоқсан |
| 4.2 | Кентау қаласының әкімі жергілікті бюджет қаражаты есебінен "Кентау қаласын жылумен жабдықтау жүйесін ұйымдастыру" жобасының техника-экономикалық негіздемесін дайындасын | Кентау қаласы әкімінің шешімі | Оңтүстік Қазақстан облысының және Кентау қаласының әкімдері | 2003 жылғы 4-тоқсан |
| 4.3 | Республиканың басқа қалаларына тарату перспективасымен жылумен жабдықтау көздерінің ағымдағы жағдайын ескере отырып, Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау және Жамбыл облысының Жаңатас және Қаратау қалаларындағы жылумен жабдықтау ұйымдары.ның қолайлы жүйесі жөнінде ұсыныстар енгізу | Қазақстан Республика.сының Үкіметіне ұсыныстар | Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстары.ның әкімдері, ЭМРМ | 2003 жылғы 4-тоқсан |

## 5. Тарифтік саясат

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 5.1 | 50 Гкал/сағ. дейін белгіленген қуатпен жылу энергиясын өндіру бойынша табиғи монополиялар субъектілерінің қызметтер көрсетуіне арналған тарифтерді бекітуге өтінімдер берудің оңайлатылған тәртібін енгізу мүмкіндігін қарастырсын | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | ТМРА (келісім бойынша), ЭМРМ | 2003 жылғы 4-тоқсан |

## 6. Басқа да мәселелер

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 6.1 | Қостанай облысының Арқалық, Оңтүстік Қазақстан облысының Кентау, Жамбыл облысының Жаңатас және Қаратау қалаларының әкімдері тиісті қалаларды дамыту бағдарламаларының шеңберінде қалалардың экономикалық әлеуетін арттыру жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді және іске асыруды қамтамасыз етсін | Қазақстан Республикасының Үкіметіне ақпарат | Қостанай, Оңтүстік Қазақстан және Жамбыл облыстарының әкімдері, ЭБЖМ | 2003 жылғы 4-тоқсан және 2004 жылғы 1-тоқсан |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК